

Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау, стандарттау, аккредиттеу және метрологиялық қамтамасыз ету тәсілдерін жақындастыру туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 қазандағы № 631 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2017 жылғы 26 мамырда Қазанда жасалған Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау, стандарттау, аккредиттеу және метрологиялық қамтамасыз ету тәсілдерін жақындастыру туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 11 қазандағы
№ 631 қаулысымен
бекітілген

Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау, стандарттау, аккредиттеу және метрологиялық қамтамасыз ету тәсілдерін жақындастыру туралы
КЕЛІСІМ

(2018 жылғы 18 қарашада күшіне енген - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2019 ж., № 2, 15-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау, стандарттау, аккредиттеу және метрологиялық қамтамасыз ету бойынша атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында келісілген саясат жүргізудің орындылығын мойындай отырып,

Атом энергиясы бойынша халықаралық агенттік (АЭХА) және басқа да халықаралық ұйымдардың қауіпсіздік стандарттарында көрсетілген атом энергиясын

бейбіт мақсатта пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қағидаттары мен тәсілдерін назарға ала отырып,

2011 жылғы 19 мамырдағы "АТОМ-ТМД" ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ" 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастығының негіздемелік бағдарламасын негізге ала отырып, 2013 жылғы 31 мамырдағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы мемлекетаралық қатынастарды үйлестіру туралы келісімінің ережелерін ескере отырып,

1992 жылғы 13 наурыздағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісімді және 2015 жылғы 29 мамырдағы Өлшем құралдарының типін бекіту мақсатында сынау, оларды метрологиялық аттестаттау, салыстырып тексеру және калибрлеу нәтижелерін өзара тану туралы келісімді ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты талаптар белгіленетін өнімге (бұдан әрі – Өнім) (оның ішінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге импортталатын өнімге) қатысты нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау, стандарттау, аккредиттеу және метрологиялық қамтамасыз ету, Өнімді (ізвестіруді қоса алғанда) жобалау, конструкциялау, өндіру, салу, монтаждау, баптау, пайдалануға беру, пайдалану, пайдаланудан шығару (бөлшектеу), сақтау, тасымалдау, сату, кәдеге жарату, көму процестері (бұдан әрі – Процестер) саласында Тараптардың тәсілдерін жақындастыру, сондай-ақ келісілген саясатты тұжырымдау және атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында техникалық реттеу аясындағы қызметтің негізгі бағыттарын айқындау болып табылады.

2-бап

Тараптардың нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау, стандарттау, аккредиттеу және метрологиялық қамтамасыз ету бойынша тәсілдерін жақындастыруды іске асыру Тараптардың осы бағыттар бойынша қызметті айқындайтын қосымша келісімдерді қабылдауы арқылы жүзеге асырылады.

3-бап

Тараптар атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау,

стандарттау, аккредиттеу және метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі тәсілдерді жақындастыру бойынша қызмет мынадай қағидаттарға негізделетініне келісті:

Өнімдер мен Процестерге қолданылатын міндетті ұлттық талаптардың, сондай-ақ сәйкестікті бағалаудың нысандары мен сұлбасының және сәйкестікті бағалау мақсатында қолданылатын зерттеулердің (сынақтардың) және өлшеулердің қағидалары мен тәсілдерінің, оның ішінде үлгілерді іріктеу қағидаларының үйлесімділігін қамтамасыз ету;

Өнімдер мен Процестерге міндетті талаптарды белгілеу және қолдану (пайдалану) кезінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету басымдығы;

стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген Өнімдер мен Процестерге қойылатын ережелер мен талаптардың Өнімдер мен Процестерге қатысты қауіпсіздік талаптарына қайшы келуіне жол бермеу;

қауіпсіздік мәдениетінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

қолданылатын терминологияның ортақтығы;

Өнімдер мен Процестерді сәйкестендіру, жіктеу жүйесінің және кодтау жүйелерінің ортақтығын қамтамасыз ету;

Өнімдер мен Процестердің сәйкестігін бағалау міндеттілігі;

АЭХА және басқа да халықаралық ұйымдардың ұсынымдарын ескере отырып, Өнімдер мен Процестерге қойылатын талаптарды белгілеу;

Өнімдер мен Процестердің сәйкестігін бағалау жөніндегі органдардың аккредиттеу нәтижелерін Тараптардың өзара немесе біржақты тану мүмкінділігі;

сәйкестікті бағалау жөніндегі аккредиттелген органдар жүргізген Өнімдер мен Процестердің сәйкестігін бағалау бойынша жұмыстардың нәтижелерін Тараптардың өзара немесе біржақты тану мүмкіндігі;

ортақ өлшемді қамтамасыз ету;

мемлекеттік құпияны құрайтын немесе осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес қолжетімділігі шектеулі қорғалатын ақпаратқа жатқызылатын мәліметтер бар стандарттау саласындағы құжаттарды қоспағанда, қолданылуы және орындалуы міндетті болып табылатын стандарттау саласындағы құжаттардың жалпыға бірдей қол жетімділігі.

4-бап

Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы Өнімдер мен Процестерге қатысты нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық реттеу, сәйкестікті бағалау, стандарттау, аккредиттеу және метрологиялық қамтамасыз ету қағидаттары осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің нормативтік-құқықтық актілеріне қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумағында атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдаланатын белгілі бір объектіге арналған Өнімдер мен Процестердің айналысы (сатылуы) кезінде Өнімдер мен Процестердің осы объекті орналасқан мемлекет аумағында Тараптардың ұлттық нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестігіне бағалау жүргізу алып тасталмайды.

5-бап

Осы Келісім Тараптардың әрқайсысының өз мемлекеттері қатысушысы болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

6-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісуі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар тиісті хаттамамен ресімделеді.

7-бап

Осы Келісімді қолдану мен түсіндіру кезінде туындайтын Тараптар арасындағы даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері жолымен немесе Тараптармен келісілген басқа рәсім арқылы шешіледі.

8-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді оған қол қойған Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Келісім депозитарий тиісті құжаттарды алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

9-бап

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін қосылу туралы құжатты депозитарийге беру жолымен кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттер үшін осы Келісім депозитарий қосылу туралы құжатты алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

ТМД-ға қатысушы болып табылмайтын мемлекет үшін осы Келісім оған қол қойған немесе қосылған мемлекеттердің осындай қосылуға келісімі туралы соңғы хабарламаны депозитарий алған күнінен бастап 30 күн өткен соң күшіне енеді.

10-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады.

Тараптың әрқайсысы осы Келісімнен шыққанға дейін алты айдан кешіктірмей өзінің ниеті туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнің қолданылуы кезінде туындаған міндеттемелерді реттей отырып, осы Келісімнен шығуға құқылы.

2017 жылғы 26 мамырда Қазан қаласында орыс тілінде бір данада жасалды. Осы Келісімнің түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған мемлекеттің әрқайсысына оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

<i>Әзербайжан Республикасының</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Армения Республикасының</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Беларусь Республикасының</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Қырғыз Республикасының</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Молдова Республикасының</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Ресей Федерациясының</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Тәжікстан Республикасының</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Түрікменстан</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Өзбекстан Республикасының</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Украина</i>	<i>Үкіметі үшін</i>